

КПО компаниясының миссиясы жергілікті халықтың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен өркендеуіне жағдай жасап, экономикалық тиімділік және табиғатты қорғау қағидаттары негізінде Қарашығанақ кен орнын игеру болып табылады.

Компания ауқымында тұрақты даму мақсаттарын іске асыру үшін КПО ESG (Environmental, Social, and Governance) кодексін енгізеді. Бұл кодекс компанияның өз қызметін төмендегі қағидаттарға сәйкес жүзеге асыруға ұмтылысын білдіреді:



Компанияның шаруашылық қызметіне байланысты ықтимал теріс әсерді барынша азайтып, қолайлы мүмкіндіктерді барынша тиімді пайдалану;



Барлық мүдделі тараптармен сындарлы диалог жүргізу;



Қарашығанақ мұнайгазконденсатты кен орнын игеру барысындағы шешімдердің әсері ұзақ мерзімді екенін әрқашан еске ұстау;



Басқарудың заманауи әдістерін енгізу және ашықтықты сақтау.

КПО-ның ұзақ мерзімді әлеуметтік, экологиялық және экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында біз төмендегі ESG қағидаларын сақтауға міндеттенеміз:

1. Нөлдік жарақаттанушылықпен сипатталатын өнеркәсіптік қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету үшін үздіксіз жұмыс жүргізу.
2. Компания жұмыскерлері мен мердігерлік ұйымдар үшін лайықты еңбек жағдайларын қамтамасыз ету, жұмыскерлердің құқықтарын сақтау және кәсіби дағдыларын дамыту.
3. Жергілікті елді мекендермен тату көршілік қатынас орнату, олардың мүдделерін ескеру және олардың әл-ауқатын арттыруға үлес қосу.
4. Қызметіміз әсер ететін аймақтағы табиғи ресурстарды тиімді пайдалануды, сақтауды және қалпына келтіруді қамтамасыз ету арқылы қоршаған ортаға қамқорлық таныту.
5. Қызметіміздің барлық аспектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын және іскерлік этика ережелерін қатаң сақтау.
6. Адамның жынысына, әлеуметтік жағдайына, жасына, ұлтына, дініне және басқа факторларға қарамастан барлық мүдделі тараптардың (стейкхолдерлердің) тең құқықтары мен мүмкіндіктерін тану.
7. Тиімді басқару жүйелерін, қолжетімді озық технологияларды және сауатты жоспарлауды қолдану арқылы Компанияның, сондай-ақ қызметімізді атқаратын аймақтың тұрақты экономикалық дамуына ықпал ету.
8. Барлық стейкхолдерлермен белсенді қарым-қатынас жасау және сенім мен өзара құрмет негізінде ашық диалог жүргізу.
9. Жыл сайынғы ESG есебінде стейкхолдерлердің назарына өзіміздің қызметіміз туралы толық және сенімді мәлімет беру.

Мен өз жұмысымда ESG қағидаларын қатаң сақтауға міндеттенемін және сіздерден де, директорлардан бастап қарапайым жұмыскерлерге дейін, ESG қағидаларын ұстануларыңызды сұраймын. Біздің ашықтығымыз және барлық мүдделі тараптармен, серіктестермен сындарлы диалог пен ынтымақтастыққа дайын болуымыз – табысқа жетудің кепілі деп сенемін.